

Павлодар облысы әкімдігінің 2022 жылғы 7 шілдедегі "2022 жылға арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесі мен субсидиялар нормаларын, сондай-ақ пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемдерін бекіту туралы" № 193/2 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Павлодар облысы әкімдігінің 2022 жылғы 29 қарашадағы № 334/5 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда № 31249 болып тіркелді

Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2022 жылғы 7 шілдедегі "2022 жылға арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесі мен субсидиялар нормаларын, сондай-ақ пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемдерін бекіту туралы" № 193/2 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28795 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар бекітілсін:

осы қаулының қосымшасына сәйкес 2022 жылға арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесі мен субсидиялар нормалары;

2022 жылға арналған пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) субсидиялауға 1 794 035 000 (бір миллиард жеті жүз тоқсан төрт миллион отыз бес мың) теңге қаражатының бюджет көлемдері."

2. "Павлодар облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды Павлодар облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Павлодар облысының әкімі

А. Байханов